

**Павлодар қаласының «№10 сәбилер бақшасы – «Zaman Star» білім беру-
дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

ата-аналарға арналған консультация

Дайындаған: қазақ тілі мұғалімі Қайыржан С.Д.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

Қазіргі таңда педагогтардың, ана аналардың алға қойған басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды жеке бала бойына қалыптастыру, олардың шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту. Олай болса заман талабына қарай мектепке дейінгі мекемелерде жан-жақты дамыған, ерік –жігері мол, елін сүйер ұлтжанды ұрпақ, дарынды шығармашыл тұлғалар дайындау баршаға ортақ мақсат. Осы тұрғыда балабақшаларда көптеген іс-шаралар, көркем сөзді мәнерлеп оқудан жарыстар, үздік сахналанған көріністер, мақал мәтелдер жарысы өткізілуде. Бала тілін дамытуда, сөздік қорын байытуда, сөйлеу мәдениетін жетілдіруде, олардың өмірге деген көркемдік көзқарасын қалыптастыруда көркем сөдер мен мақал-мәтелдер ерекше рөл атқарады. Балалар көркем сөз мақал-мәтелдермен таныса отыра терең мазмұнын түсінеді, сөздердің мән-мағынасын ашады, автордың ойын жеткізеді, мәнерлеп айту қабілеті ашылады. Мақал мен мәтелге бай халықтардың бірі – қазақ халқы.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің тақырыптары әр алуан: туған жер, ел-отан, еңбек, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік кәсібі, ынтымақ, достық ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Мақал мен мәтел құстың екі қанаты секілді бір-бірімен байланысты, бірақ олардың араларында аздаған өзгешеліктері мен айырмашылықтары болды. Мәселен, мақал сөзде адамның нәзік сезімдері мен терең ойлары ашық айтылады, дәлме-дәл көрсетіп, бейнелейді. Мысалы: “Атадан жақсы ұл туса, Елінің қамын жейді. Атадан жаман ұл туса, Елінің малын жейді.”.

Ал, мәтел сөздің сыры: белгілі бір құбылысты астарлап, жұмбақтап, бейнелеп айтады. Мәтел сөзге бір мысал: “Сауысқан тоты боламын деп, жүрісінен жаңылыпты”. Сөз сауысқан туралы емес; сауысқан тектес, әсіре қызыл, еліктегіш, әсершіл адамдарды сынаған. Біреулер бар: өзінің дербес қасиеттерін жоғалтып, ықпалды адамдардың әуеніне төңкеріліп, соның көлеңкесіне тасаланады, өмірдің ағысынан өзін-өзі таба алмай әуре болады. Аталған мәтел сол образды бейнелеген.

